

6D080500 – «Су ресурстары және суды пайдалану» мамандығы бойынша философия доктор (PhD) дәрежесін алуға ұсынылған «ТОБЫЛ ӨЗЕҢІ АЛАБЫНДАҒЫ СУ ЖИНАУ АЙМАҒЫНА ШЕКТІ-ТЕХНОГЕНДІК ЖҮКТЕМЕҢІ ГЕОЭКОЛОГИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕУ» тақырыбы бойынша Тастемирова Бактыгуль Ельденовнаның диссертациялық жұмысына

ҒЫЛЫМИ КЕҢЕСШІНІЦ ПІКІРІ

1. Зерттеу тақырыбының озектілігі және оның қазіргі ғылым мен тәжірибе үшін маңыздылығы негіздеу.

«Тобыл өзені алабындағы су жинау аймағына шекті-техногендік жүктемені геоэкологиялық негіздеу» тақырыбындағы Тастемирова Бактыгуль Ельденовнаның диссертациялық жұмысы Қазақстан республикасының стратегиялық әлеуметтік маңызды аймақтарының бірі - геосаяси, географиялық, геоэкологиялық аспекттеріне байланысты Тобыл өзені бассейнінің су жинау алқабының максималды техногендік жүктемесін негіздеуге арналған.

Мемлекеттің тұрғылықты халқын және экономика салаларын кепілдірілген сумен қамтамасыз ету үшін болып жатқан және күтілетін климаттық және антропогендік өзгерістерге байланысты су ресурстарын басқару қызметінің желісін жетілдіру, өзеннің аймагында суды пайдалануды геоэкологиялық тұрғыда бағалауга арналған зерттеулер бүгінгі күннің өзекті мәселесінің бірі болып табылады.

2. Докторант сүйенетін негізгі ғылыми-әдістемелік ережелер.

Қойылған міндеттерді шешу үшін ландшафтты-алабтық тәсіл, орнықты даму қағидалары және табиғатты ұтымды пайдалану, климаттық және антропогендік дәлелдемелердің гидрологиялық режимге әсерін анықтау әдістері мен әдістемелері, сонымен қатар Microsoft Excel бағдарламасындағы сызықтық трендтер және жүйелі талдау заманауи әдістері қолданылды.

Докторант өзінің диссертациялық жұмысында теориялық, әдістемелік, есептеу және статистикалық әдістері қолданды. Сондай-ақ зерттеу жұмысы барысында бірқатар теориялық ережелерге сүйенінді, отандық және шетелдік ғалымдардың жұмысын жақсы зерттеді. Диссертация тәуелсіз, аяқталған ғылыми-біліктілік жұмыс болып табылады. Алынған зерттеу нәтижелерінің дұрыстығы және сенимділігі Тобыл су ресурстарын экономика саласына пайдалану туралы көпжылдық арнайы ақпараттық-талдау мәліметтері негізінде зерттеудің ақпараттық-талдау корының негізінде нақтыланған және гидрологиялық және климаттық көрсеткіштерінің кеңістік-уақыт маштабындағы өзгеруін, гидрологиялық режимге климаттық және антропогендік қызметтердің әсерін бағалау, су ресурстарын экономика саласына пайдаланудың табиғи шарттастығын және кеңістік-уақыт масштабында әкімшілік аудандардың деңгейінде, демографиялық, ауылшаруашылық және ондірістік құрылымдардың калыптасу және даму ерекшеліктерін ескере отырып, жүргізілген.

3. Докторант алған ғылыми нәтижелері және олардың негізділігі.

Жалпы жұмысты бағалай отырып, зерттеу үшін автор таңдаған тақырып өзекті және іс-жүзінде маңызды болып табылады, жұмыс барысында алынған негізгі қорытындылар диссертацияны накты және дәйекті түрде тұжырымдайды, олар негізделген және қажетті дәлелге ие; жұмыстың мақсатына қол жеткізілді, автор қойған зерттеу міндеттері жүзеге асырылды.

Автор келесі негізгі нәтижелерді алды:

- өзеннің су жинау алабының аймақтарындағы шаруашылыққа пайдаланудың колданыстағы құрылымына, халықтың қоныстануына және сушаруашылық саласының қызметінің ерекшеліктеріне байланысты, суды пайдалануды бағалаудың теориялық-әдістемелік желісі және олардың ретімен орындалуын қамтамасыз ететін желісі ұсынылған;

- өзеннің су жинау алабын, оның аймағының қызмет атқаруының ғылыми негізі және табиғи жүйесінің ортасын құрушы болігінің бірі ретінде қарастыра отырып, олардың гидрологиялық режиміне климаттық және антропогендік қызметтердің әсерін бағалау бойынша ұзак жыл аралығындағы өзгеру бағыты және қарқыны айқындалған;

- өзеннің су жинау алабының аймақтарының суды пайдаланудың сатылық жүйесі ұсынылған және олардың қалыптасу жағдайын дәлелдемелік бағалау арқылы табиғи шарттастық жағдайы және олардың қызметінің антропогендік сапалық өзгеріске алып келетіндігі дәлелденген;

- табиғатты пайдаланудың заңдылықтары мен қағидаларының негізінде өзеннің су жинау алабының аймағының және тұргындарының меншікті сүмен қамтамасыз ету дәрежесін, сушаруашылық және гидрохимиялық теңгермелерін бағалаудың теориялық әдістемесі жетілдірілген;

- өзеннің су жинау алабының аймақтарының болашақта сүмен қамтамасыз етуді бағалау, қазіргі кездегі суды пайдаланудың көрсеткіштерінің негізінде құрылған сзықтық трендтердің теңдеулерін пайдалану арқылы, кеңістік-уақыт масштабында өзеннің сушаруашылық аймақтар, әкімшілік аудандар мен қалалардың шеңберінде ұсынылған.

4. Диссертацияның құрылымдық және мазмұндық тұтастығы.

Диссертацияның құрылымы тұтастай алғанда зерттеу тақырыбын анықтайдын зерттеудің мақсаты мен негізгі міндеттеріне байланысты маңызды мәселелерді қамту қажеттілігін ескере отырып құрылған. Диссертациялық жұмыста алынған нәтижелер ішкі бірлігімен, арасындағы нәтижелер байланысының болуымен сипатталады, бөлімдердегі қортындылар және диссертация тұжырымдар арасындағы байланыстар сақталған.

Диссертация кіріспеден және төрт тараудан, қорытындыдан, 103 дереккөзден және 31 бет қосымша мәліметтерден тұрады. Диссертациялық жұмыс көлемі - 111 бет, 44 сурет, 20 кесте. Диссертациялық жұмыстың негізгі нәтижелері 2018-2021 жылдар аралығында докторанттың қатысумен ТМД елдерінің 14 халықаралық ғылыми-практикалық конференцияларында ұсынылған.

5. Докторанттың зерттеулерге косқан жеке үлесі, зерттеу көлемі.

Ізденушінің диссертациялық жұмысы бірқатар жаңа нәтижелерді қамтиды, олардың ғылыми сенімділігі күмән тудырмайды. Барлық негізгі нәтижелер ғылыми негізделген және түпнұсқа болып табылады.

Диссертациялық жұмысты орындау барысында Тобыл өзені алабының сушаруашылық қызметін бағалауды жетілдіру мақсатында әдістемелік нұсқалардың математикалық теңдеулерін құруга және жетілдіріге айтарлықтай үлесін қости және теориялық, қолданбалы, әдістемелік және болжамдық деңгейдегі жүргізген зерттеулерлерінің нәтижесі ізденушінің жақсы техникалық дайындығын көрсетеді.

Осы диссертациялық зерттеудің негізгі нәтижелері ізденушінің 22 ғылыми жарияланымдарында көрсетілген, оның біреуі Scopus базасында (квартиль Q3) индекстелінетін ғылыми журналында, КР БФМ білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынатын басылымдарыда 7 және халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясындағы нәтижесі бойынша 14 мақаласында қарастырылды.

6. Докторанттың зерттеуші ретіндегі қасиеттері, зерттеу әдістерінде жинақталған тәжірибесі.

Докторлық диссертация жазу кезінде Тастанирова Бактыгуль Ельденовна өзін су ресурстары саласындағы сауатты және білікті маман ретінде көрсетті, маңызды су шаруашылығы мәселелерін шешуге, теориялық және әдіснамалық зерттеулер жүргізуға, оларды шешудің маңызды құралдарын жасауға қабілетті және зерттеуші ретіндегі сапасы айтарлықтай жоғарлағаны сөзсіз.

7. Қорытынды.

Өзекті тақырыpta орындалған диссертация толық сипатта болды.

Баяндалғаниң негізінде Тастанирова Бактыгуль Ельденовна «Тобыл өзені алабындағы су жинау аймағына шекті-техногендік жүктемені геоэкологиялық негіздеу»

такырыбындағы 6D080500 – «Су ресурстары және суды пайдалану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға арналған диссертациялық жұмысы ғылыми дәрежелер беру туралы ережеде қойылатын талаптарға сәйкес келеді және көпшілік алдында қорғауға ұсынуға болады деп ойлаймын.

Ғылыми кенесші:

т.ғ.д., доцент, «Су ресурстары және мелиорация» кафедрасының профессоры

A. Noz

Козыкеева А.Т.

